


Тақырыбы: «Ас қорыту жүйесі» (безді мүшелер)





Дәріскер: Зоология, гистология және цитология кафедрасының аға
оқытушысы б.ғ.к., Б.А.Абдуллаева

Дәрістің мақсаты: ас қорыту жүйесі мүшелерінің құрылымдық ерекшеліктерін, қызметін және гигиенасын түсіну

Міндеттері:


- ас қорыту мүшелерінің қабырғалық құрылысына жалпы анықтама беру;
- барельеф және муляждар арқылы жуан ішектің құрылысы мен жұмысының ерешелігін анықтау;
- Бауыр мен қарын асты бездерінің құрылысына байланысты өтетін ас қорыту және зат алмасу процестеріне тиетін әсерін қарау.






Околоушная
слюнная железа

Выводной проток





Ацинус


БАУЫР



Бауырға келетін қақпалық вена, бауыр артериясы, ал шығатын жерінде бауыр вена және бауыр жолы бар. Бауырда екі бөлікті – үлкен оң және кіші сол бөлікті ажыратады.

Бауырдың жасушалары (гепатоциттер) бөлікшелерге жиналады, олар бауырдың құрылымдық және функционалдық бірлігі болып табылады. Мұндай долькалардың саны шамамен 500000. Өттің түзілуі үздіксіз жүреді, және ол өт қабында жиналады. Функциялары. Өт ферменттерді құрамайды, бірақ ол ұйқы безінің жұмысын күшейтеді, оның ферменттерін белсендіреді және майларды эмульсиялайды (олардың беткі қабатын 40000 есеге арттырады). Бауырдың ең маңызды функциясы – барьерлік. Ішектен қанға өткен зиянды және уытты заттар залалсыздандырылады.








Бауырдың қор жинаушы функциясы. Бауырда артық глюкоза гликоген түрінде, витаминдер, гемоглобиннің ыдырауы кезінде босатылатын темір жиналады. Бауыр барлық зат алмасу түрлерінде: **көмірсулар, қандағы қант мөлшерін реттеу арқылы, ақуыздар, аммиакты мочевиінаға айналдыру арқылы, майлар, майларды ыдыратуға** қатысу арқылы атсалысады.

Экскреторлық функция. Өт ішек қуысына гемоглобиннің ыдырау өнімдері (билирубин және биливердин) шығарады.

Бауырда қан плазмасының ақуыздары, әсіресе қанның ұюына қатысатын протромбин синтезделеді.




Тұрақты алкогольді ішімдіктерді қолдану бауырдың өте ауыр ауруларын туындатады. Алкоголиктерде оның қайта құрылуы байқалады — секрециялық жасушалар дәнекер тінмен алмастырылады. Мұның барлығы ауыр салдарларға әкеліп соғады, кейде өліммен аяқталады.

Бауырдың жасушалары никотиннің әсеріне де өте сезімтал.


ҰЙҚЫ БЕЗІ

Ұйқы безі. Ұйқы безінің басы, денесі және құйрығы ажыратылады. Ол экзокриндік және эндокриндік бөліктерден тұрады. **Лангерганс аралшықтары** эндокриндік бөлімде инсулин және глюкагон гормондарын шығарады.

Ұйқы безінің сөлінің көлемі (тәулігіне 2 литрге дейін) ақуыздарды ыдырататын ферменттерді, атап айтқанда **трипсиноген және химотрипсиногенді, көмірсуларды** ыдырататын амилаза, майларды глицерин мен карбон қышқылдарына дейін гидролиздейтін **липаза**, нуклеин қышқылдарын ыдырататын **нуклеазаларды** қамтиды. Он екі елі ішектің энтерокиназа ферменті **трипсиногенді** трипсинге айналдыру процесін катализдейді, содан кейін трипсин **трипсиноген** мен химотрипсиногенді активті формаларға айналдыруды катализдейді.



ҰЙҚЫ БЕЗІ



Қайталау

Ауыз қуысының секреті:

амилаза, мальтаза, лизоцим, муцин

Асқазан секреті:

пепсин(оген), асқазан липазасы, химозин (реннин)

Ұйқы безінің секреті:

амилаза, трипсин(оген), химотрипсин(оген), липаза, нуклеаза

Бауырдың секреті:

желчь (өт қышқылы, билирубин, биливердин)

Жіңішке ішек секреті:

энтерокиназа, амилаза, лактаза, сахараза, эрепсин, липаза

Жуан ішек секреті:

пептидаза, амилаза, липаза

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Л.Л.Колесников. Адам анатомиясы. Қазақ тіліндегі авторластырылған аудармашылар А.Б.Аубакиров, Ф.М.Сулейменова. Мәскеу, «Геотар-Медиа» Т.1-3, 2015.
2. Рақышев А. “Адам анатомиясы” Т.1-2, Алматы, “Білім”, 2012.
3. Нурушев М. “Адам анатомиясы” Алматы, “Қарасай” 2016ж
4. Синельников Р.Д. Атлас анатомии человека. т.1-4, М., 2012
5. Юй, Р.И. Атлас микрофотографий по гистологии, цитологии и эмбриологии для практических занятий.- Алматы, 2014